

«Bank RBK» Банкі» акционерлік қоғамы

(«Bank RBK» АҚ)



БІРІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА

ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ ПРОСПЕКТИ

Сомасы: 20 000 000 000 (жиырма миллиард) теңге

Осы бірінші облигациялық бағдарлама шығарылымының проспекті 2013 жылғы 01 ақпанда құрастырылған, қаржы көрсеткіштері 2013 жылғы 01 қаңтарда берілген.

«Уәкілетті органның облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған облигацияларды сатып алуға қатысты қандай да болмасын ұсыныстамалар беруді білдірмейді. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге алған уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың растығы үшін жауапкершілік көтермейді. Облигациялар шығарылымының проспекті Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі жағынан ғана қаралды. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпараттың шынайылығы үшін жауап береді және онда берілген барлық ақпараттың шынайы және Эмитент пен облигацияларға қатысты инвесторларды жаңылысуға әкеп соқпайтын болып табылатындығын растайды.»

Алматы қ., 2013 жыл

1. ЭМИТЕНТ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

1. Эмитенттің атауы.

Толық атауы:

Мемлекеттік тілде: «Bank RBK» Банкі» акционерлік қоғамы

Орыс тілінде: Акционерное общество «Банк «Bank RBK»

Ағылшын тілінде: Bank «Bank RBK» Joint Stock Company

Қысқартылған атауы:

Мемлекеттік тілде: «Bank RBK» АҚ

Орыс тілінде: АО «Bank RBK»

Ағылшын тілінде: Bank RBK JSC

Алдыңғы толық және қысқартылған атаулары, өзгертілген күндері.

Өзгерген күні	Толық атауы	Қысқартылған атауы
15.04.1992 ж.	«Мекен» жеке меншік банкі	«Мекен» ЖБ
05.06.1996 ж.	«Алаш-Банк» жабық акционерлік қоғамы	«Алаш-Банк» ЖАҚ
15.04.2005 ж.	«Алаш-Банк» акционерлік қоғамы	«Алаш-Банк» АҚ
22.08.2005 ж. – 22.09.2011 ж.	«Казахстанский Инновационный Коммерческий Банк» акционерлік қоғамы	«КазИнКомБанк» АҚ

2. Эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер.

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы мәліметтер №3854-1900-АҚ, 2011 жылғы 23 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен берілген. Алғаш мемлекеттік тіркелген күні: 1992 жылғы 15 сәуір.

3. Бизнес-сәйкестендіру нөмірі.

БСН 920440001102

4. Эмитенттің орналасқан жері, байланыс телефондарының және факсінің нөмірі, электронды поштасының мекенжайы туралы ақпарат.

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 100000, Қарағанды қ., Бұқар-Жырау д-лы, 47

Нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қ., Ә.Шәріпов к-сі, 84

Телефон: +7 (727) 330-90-30, факс: +7 (727) 292-01-44, e-mail: info@bankrbk.kz.

5. Эмитенттің банктік деректемелері.

БСК KINCKZKA, Коршот KZ57125KZT1002300244 ҚР ҰБ ММ, Алматы қ., БСК NBRKKZKX, ҚҚС серия 30001 №0007972 30.11.2012 ж.

6. Эмитенттің қызмет түрлері.

«Bank RBK» АҚ заңды тұлға болып табылады. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті 2011 жылғы 13 қазанда берген №1.1.112 лицензияға сәйкес және Жарғысының негізінде келесідей банктік және басқа да операцияларды атқарады.

Банктік операциялар (ұлттық валютада және шетел валютасында):

- заңды тұлғалардың депозиттерін қабылдау, оларға банктік шоттар ашу және жүргізу;
- банктердің және банктік операциялардың жекелеген түрлерін атқаратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;
- кассалық операциялар: банктер мен Ұлттық пошта операторының қолма-қол ақша қабылдауы, беруі, соның ішінде айырбастау, ауыстыру, қайта есептеу, сұрыптау, қаптау, сақтау;
- аудару операциялары: жеке және заңды тұлғалардың ақша төлеу және аудару жөніндегі тапсырмаларын орындау;
- есептік операциялар: жеке және заңды тұлғалардың вексельдері мен басқа да борыштық міндеттемелерін есепке алу (дисконт);
- банктік қарыз операциялары: ақылы, мерзімді, қайтару талаптарында банктің ақшалай кредит беруі;
- шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру;
- инкассоға төлем құжаттарын қабылдау (вексельдерді есепке алмағанда);
- аккредитив ашу (беру), растау, ол бойынша міндеттемелердің орындалуын растау;
- банктердің ақшалай орындалуы қарастырылған банктік кепілдіктерді беруі;
- банктердің үшінші тұлғалар үшін банктік кепілдемелерді және ақшалай орындалуы қарастырылған басқа да міндеттемелерді беруі;
- жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, ашу, банктік шоттарын ашу және жүргізу.

Басқа операциялар (ұлттық валютада және шетел валютасында):

- лизингтік қызмет атқару;
- меншікті бағалы қағаздар (акцияларды есепке алмағанда) шығару;
- факторингтік операциялар: төлемеу тәуекелін қабылдап, тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушыдан талап ету құқықтарын иелену;
- форфейтингтік операциялар (форфетирлеу): сатушыға айналдырмай вексельді сатып алу арқылы тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушының борыштық міндеттемелерін төлеу.

7. Эмитентке немесе онымен шығарылған бағалы қағаздарға халықаралық рейтингтік агенттіктермен және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктерімен берілген рейтингтердің болуы туралы мәліметтер.

Атауы	Ағымдағы рейтинг	Болжам
Standard & Poor's		
Ұзақ мерзімді	B-	ТҰРАҚТЫ
Қысқа мерзімді	C	
Ұлттық шкала бойынша рейтинг	kzBB-	

8. Эмитенттің барлық филиалдарының және өкілдіктерінің атаулары, тіркелген күндері, орналасқан жерлері және пошталық мекенжайлары.

р/б №	Филиал атауы	Орналасқан жері	Тіркелген күні
1	«Bank RBK» АҚ Алматы қ. Филиалы	Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қ., Ә.Шәріпов к-сі, 84-үй	26.11.2010 ж.
2	«Bank RBK» АҚ Қарағанды қ. Филиалы	Қазақстан Республикасы, 100000, Қарағанды қ., Бұқар-Жырау д-лы, 47-үй	15.07.1997 ж.
3	«Bank RBK» Шымкент қ. Филиалы	Қазақстан Республикасы, 160050, Шымкент қ., Г.Иляев к-сі, 47-үй	07.05.2010 ж.
4	«Bank RBK» АҚ Павлодар қ. Филиалы	Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар қ., М.Исиналиев к-сі, 11-үй	07.12.2011 ж.

5	«Bank RBK» АҚ Астана қ. Филиалы	Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Достық к-сі, 5-үй, КТК «Северное сияние», ВП-91	30.11.2011 ж.
---	---------------------------------	--	---------------

9. Сәйкес алқалықтарға (қауымдастықтарға, палаталарға) тиесілігін көрсетіп, соңғы аяқталған үш қаржы жылы ішінде Эмитенттің қаржылық есебінің аудитін жүзеге асыратын (жүзеге асырған) аудиторлық ұйымның толық ресми атауы (аудитордың аты-жөні, болса, әкесінің аты).

«Bank RBK» АҚ 2008 – 2011 жылдардағы қаржы есептілігінің аудитін, сондай-ақ 2012 жылғы 9 ай ішіндегі шолуын «BDO Қазақстанаудит» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (аудиторлық қызметпен айналысуға бас мемлекеттік лицензия №0000276, 24.06.2004ж. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен берілген, Басқарушы серіктес, Бас директор – Кошкимбаев С.Х., Аудитор – Шандыбасова М.М.) жүзеге асырды. «BDO Қазақстанаудит» ЖШС Қазақстан Аудиторлар палатасының мүшесі болып табылады, 2004 жылғы қыркүйектен бері Нью-Йорк және Американың басқа да қор биржаларында тіркелген аудиторлар тізіміне енгізілген.

10. Эмитенттің корпоративті басқару кодексін қабылдаған күні.

«Bank RBK» АҚ корпоративті басқару кодексін 2012 жылғы 30 қарашада акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы бекітті.

2. ЭМИТЕНТТІҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

11. Эмитенттің басқару органдарының құрылымы.

«Bank RBK» АҚ (бұдан былай – Банк) Жарғысына сәйкес басқару органдары:

- жоғарғы орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;
- басқарушы орган – Директорлар кеңесі;
- атқарушы орган – Басқарма;
- бақылаушы орган – Ішкі аудит қызметі.

Басқару органдарының құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банк Жарғысына сәйкес анықталады.

Акционерлердің жалпы жиналысы:

- Банк Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;
- корпоративті басқару кодексін, сондай-ақ оның өзгерістері мен толықтыруларын бекіту;
- Банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- Банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Банктің орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- Банктің бағалы қағаздарын айырбастау талаптары мен тәртібін анықтау, сондай-ақ өзгерту;
- есеп комиссиясының сандық құрамы мен мерзімін анықтау, мүшелерін сайлау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- Банктің директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
- Банк аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
- жылдық қаржы есептілігін бекіту;
- есеп қаржы жылындағы Банктің таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау, Банктің бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін бекіту;
- Банк Жарғысымен және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңымен қарастырылған жағдайлар басталғанда Банктің жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеуі туралы шешім қабылдау;

- Банктің өзіне тиесілі барлық активтерінің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын сомада активтерінің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы басқа заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
- Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Банктің акционерлеріне хабарлау нысанын анықтау, бұқаралық ақпарат құралдарында осындай ақпаратты орналастыру туралы шешім қабылдау;
- «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес Банк акцияларды сатып алғанда олардың құнын анықтау әдістемесіне енгізілетін өзгерістерді бекіту (егер құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);
- Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- акционерлерге Банктің қызметі туралы ақпарат беру тәртібін анықтау, соның ішінде Банк Жарғысымен осындай тәртіп анықталмаса, бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;
- «алтын акцияны» енгізу және жою;
- шешім қабылдауы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңымен және Банк Жарғысымен Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жататын басқа мәселелер;
- Банк акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау.

Директорлар кеңесі:

- Банк қызметінің басым бағыттарын белгілеу;
- акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
- акцияларды орналастыру (тарату) соның ішінде жарияланған акциялар шегінде орналастырылған (таратылған) акциялардың саны, орналастыру (тарату) әдісі, бағасы туралы шешім қабылдау;
- Банктің орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы, сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- Банктің жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
- Банктің облигациялар мен туынды бағалы қағаздар шығару талаптарын анықтау;
- Басқарманың сандық құрамы, өкілеттіктер мерзімі, басшысы мен мүшелерін сайлау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- Басқарма басшысы мен мүшелеріне төленетін лауазымдық жалақы мөлшерін, жалақы мен сыйақы төлеу талаптарын анықтау;
- Ішкі аудит қызметінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, басшысы мен мүшелерін тағайындау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, қызметкерлеріне жалақы мен сыйақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
- Корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттіктер мерзімін анықтау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақы мөлшерін, сыйақы төлеу талаптарын анықтау;
- аудиторлық ұйымның, сондай-ақ ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалайтын бағалаушының қызмет төлемінің мөлшерін анықтау;
- Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттарды есепке алмағанда), соның ішінде Банктің бағалы қағаздарына жазылу мен аукциондар өткізу тәртібі мен талаптарын белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- Банк филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау, олар туралы ережелерді бекіту;
- басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызын Банктің иеленуі туралы шешім қабылдау;
- акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызы Банкке тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешім қабылдау;
- Банк міндеттемелерін меншікті капиталы мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын көлемге ұлғайту;
- Банктің бұрынғы тіркеушісімен шартты бұзғанда тіркеушіні сайлау;

- Банк немесе қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа құпияны құрайтын ақпаратты анықтау;
- Банктің ірі мәмлелер және жасауға Банк мүдделі мәмілелерді жасауы туралы шешім қабылдау;
- Банктің ұйымдық құрылымын бекіту;
- «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңымен және Банк Жарғысымен қарастырылған, акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатпайтын басқа мәселелер.

Басқарма:

- Директорлар кеңесі мен Акционерлердің жалпы жиналысы қарастыруға тиісті барлық мәселелерді алдын ала талқылау, осыған байланысты қажетті құжаттарды әзірлеу;
- Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастыру;
- Банк қызметімен байланысты мәселелерді бақылау;
- Банк есептерін әзірлеу;
- Жарғының, филиалдар, өкілдіктер туралы ережелердің, Банктің ұйымдық құрылымының жобаларын әзірлеу;
- келесілерді анықтайтын Банктің ішкі ережелері мен процедураларын бекіту: Банк бөлімшелерінің міндеттерін, функциялары мен өкілеттіктерін; құрылымдық бөлімшелердің басшыларының құқықтары мен міндеттерін; Банктің атынан және оның есебінен мәмілелер жасағанда Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің өкілеттіктерін; Банк бөлімшелерінің арасындағы өзара әрекет тәртібін, Банктің ағымдағы қызметінің басқа да мәселелері;
- кадрларды таңдау, тағайындау, дайындау, қайта дайындау мәселелерін шешу;
- Банк қызметкерлеріне жеке жалақы төлеу және ынталандыру талаптарын анықтау;
- Банк филиалдары мен өкілдіктерінің директорларын тағайындау, қызметінен алу;
- Банктің, филиалдары мен өкілдіктерінің штат кестесін бекіту, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдау;
- Жарғымен, Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерімен анықталған басқа да функцияларды атқару.

Басқарма төрағасы:

- Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастыру;
- үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Банктің атынан сенімхатсыз әрекет ету;
- үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Банкті таныту құқығын беретін сенімхаттар беру;
- Банк қызметкерлерін жұмысқа қабылдау, ауыстыру, шығару, оларға ынталандыру және тәртібі үшін жазалау шараларын қолдану, Банктің Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметкерлерді есепке алмағанда Банктің штат кестесіне сәйкес Банк қызметкерлерінің лауазымдық жалақы және үстеме ақы мөлшерін анықтау;
- өзі болмағанда міндеттерін Басқарма мүшелерінің біріне арту;
- Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, өкілеттіктер мен жауапкершілікті бөлу;
- Банктің басқа органдарының ерекше құзыретіне жататын мәселелерді есепке алмағанда шектеусіз басқа өкілеттіктерді атқару.

Ішкі аудит қызметі:

- дербес немесе Банктің жұмысшы тобының құрамында сыртқы аудитор кандидатурасын алдын ала таңдау. Сыртқы аудиторды сайлау жөніндегі ұсыныс Директорлар кеңесінің қарауына беріледі;
- Директорлар кеңесі үшін Ішкі аудит қызметінің қызметі туралы есептілік әзірлеу;
- Банктің ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін тексеру және бағалау;
- банктік тәуекелдерді бағалау әдістемесінің, банктік тәуекелдерді басқару процедураларының (банктік операцияларды, мәмілелерді жасау, тәуекелдерді басқару әдістемелерін, бағдарламаларын, ережелерін, тәртіптерін) процедураларын толық қолдану мен тиімділігін тексеру;
- автоматтандырылған ақпараттық жүйелердің қызмет тиімділігін тексеру, соның ішінде деректер базасын, заңсыз қолданудан қорғалуын, белгісіз жағдайлардағы әрекет жоспарының болуын тексеру;

- бухгалтерлік есеп пен есептіліктің шынайы, толық, объективті, уақтылы болуын, сондай-ақ ақпарат пен есептіліктің сенімді, уақтылы жиналуы мен тапсырылуын тексеру;
- Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес басқа да мәліметтердің шынайы, толық, объективті, уақтылы тапсырылуын тексеру;
- Банк мүлкінің сақталуын қамтамасыз ететін қолданыстағы әдістерді (әдістемелерді) тексеру;
- Банк жасайтын операциялардың экономикалық мақсатты, тиімді болуын бағалау;
- Банктің құрылымдық бөлімшелерінің немесе лауазымды тұлғасының қызметін тексеру;
- Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтау мақсатында құрылған жүйелерді тексеру;
- Банк қызметкерлерін басқару қызметінің жұмысын бағалау;
- анықталған тәуекелдер деңгейінің төмендеуін қамтамасыз ететін Банк бөлімшелерінің тексеру нәтижелері бойынша Банк бөлімшелері мен органдары қабылдаған шаралардың тиімділігін бақылау немесе бөлімше басшылығының және (немесе) басқару органдарының Банк үшін анықталған тәуекелдердің қолайлығы туралы шешім қабылдауын құжаттандыру;
- Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен қарастырылған басқа мәселелер.

12. Эмитенттің директорлар кеңесінің мүшелері.

Аты-жөні, туылған жылы	Қазіргі кезде атқаратын, соңғы 3 жылда атқарған қызметі	Банк акцияларының тиесілі саны (дауыс беруші акциялардың жалпы санындағы үлесі)
<p>Люхудзяев Фарид 20.10.1957 ж.т.</p>	<p>«Bank RBK» АҚ 2011 ж. қаңтардан – қазіргі уақытқа дейін Директорлар кеңесінің төрағасы</p> <p>2010 ж. қараша – 2011 ж. қаңтар Директорлар кеңесі төрағасының м.а.</p> <p>«SBSGroup» ЖШС 2010 ж. қазаннан – қазіргі уақытқа дейін Бас директордың орынбасары</p> <p>«Әулет-Л» ЖШС 2003 ж. наурыз – 2010 ж. желтоқсан Бас директор</p>	<p>110 000 дана жай акция (11,0000%)</p>
<p>Ниязов Абдугани Валиевич 29.05.1959 ж.т.</p>	<p>«Bank RBK» АҚ 2010 ж. қараша – қазіргі уақытқа дейін директорлар кеңесінің мүшесі</p> <p>2009 ж. мамыр – 2010 ж. қараша Директорлар кеңесінің төрағасы</p> <p>«Теміртау электр-металлургиялық комбинаты» АҚ 2009 ж. наурыз – 2010 ж. қараша Бас директор</p> <p>«KazIndustrialDevelopment» ЖШС 2007 ж. мамыр – 2009 ж. ақпан Бас директор</p>	<p>Жоқ</p>

<p>Ермебетов Азат Шинасилович 31.01.1969 ж.т.</p>	<p>«Bank RBK» АҚ 2011 ж. қаңтар – қазіргі уақытқа дейін директорлар кеңесінің мүшесі</p> <p>2010 ж. қараша – 2011 ж. қаңтар Директорлар кеңесі мүшесінің м.а.</p> <p>«Intertrans С.А.» ЖШС 2010 ж. мамыр – 2010 ж. қыркүйек Менеджер</p> <p>«ВЕЛТОН» ЖШС 2008 ж. желтоқсан – 2010 ж. қыркүйек Менеджер</p>	<p>20 019 дана жай акция (2,0019%)</p>
<p>Жауарова Галия Каженовна 19.09.1962 ж.т.</p>	<p>«Bank RBK» АҚ 2011 ж. қаңтар – қазіргі уақытқа дейін директорлар кеңесінің мүшесі</p> <p>2010 ж. желтоқсан – 2012 ж. маусым Председатель Правления,</p> <p>2010 ж. қазан – 2010 ж. қараша Басқарма төрағасының м.а.</p> <p>2010 ж. қараша – 2011 ж. қаңтар Директорлар кеңесі мүшесінің м.а.</p> <p>«Еуразиялық Банк» АҚ 2008 ж. шілде – 2009 ж. қараша басқарма мүшесі – Басқарма төрағасының орынбасары</p>	<p>Жоқ</p>
<p>Мажинов Игорь Шарипканович 24.02.1972 ж.т.</p>	<p>«Bank RBK» АҚ 2013 ж. ақпан – қазіргі уақытқа дейін директорлар кеңесінің мүшесі</p> <p>2012 ж. желтоқсан – 2013 ж. қаңтар Директорлар кеңесі мүшесінің м.а.</p> <p>«Отан» АЖЗҚ» АҚ 2012 ж. ақпан – қазіргі уақытқа дейін Директорлар кеңесінің төрағасы</p> <p>«Достық» қонақ үйі» АҚ 2011 ж. наурыз – қазіргі уақытқа дейін Директорлар кеңесінің төрағасы</p> <p>«ХОЗУ корпорациясы» ЖШС 2001 ж. наурыз – қазіргі уақытқа дейін Бас директордың орынбасары</p>	<p>Жоқ</p>
<p>Радостовец Николай Владимирович 15.12.1955 ж.т.</p>	<p>«Bank RBK» АҚ 2011 ж. қаңтар – қазіргі уақытқа дейін директорлар кеңесінің мүшесі – Тәуелсіз директор</p> <p>2010 ж. қараша – 2011 ж. қаңтар Директорлар кеңесі мүшесінің– Тәуелсіз директордың м.а.</p>	<p>Жоқ</p>

	<p>«Республикалық тау-кен өндіруші және кен-металлургиялық кәсіпорындар бірлестігі» заңды тұлғалар бірлестігі 2005 ж. тамыз – қазіргі уақытқа дейін Атқарушы директор</p> <p>«Қазақстанның тауар өндірушілер мен экспорттаушылар одағы» республикалық заңды тұлғалар бірлестігі 2004 ж. қазан – қазіргі уақытқа дейін Президент</p>	
<p>Сайденов Анвар Галлимулаевич 19.09.1960 ж.т.</p>	<p>«Bank RBK» АҚ 2013 ж. ақпан – қазіргі уақытқа дейін директорлар кеңесінің мүшесі – Тәуелсіз директор</p> <p>2012 ж. желтоқсан – 2013 ж. қаңтар Директорлар кеңесі мүшесінің – Тәуелсіз директордың м.а.</p> <p>«БТА Банкі» АҚ 2011 ж. тамыздан – қазіргі уақытқа дейін Директорлар кеңесінің төрағасы</p> <p>2009 ж. наурыз – 2011 ж. тамыз Басқарма төрағасы</p> <p>Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2004 ж. қаңтар – 2009 ж. қаңтар төраға</p>	Жоқ
<p>Ертаева Нургуль Алдашевна 22.08.1974 ж.т.</p>	<p>«Bank RBK» АҚ 2013 ж. ақпан – қазіргі уақытқа дейін директорлар кеңесінің мүшесі – Тәуелсіз директор</p> <p>2012 ж. желтоқсан – 2013 ж. қаңтар Директорлар кеңесі мүшесінің– Тәуелсіз директордың м.а.</p>	Жоқ

Алдыңғы екі жыл ішінде директорлар кеңесінің құрамында болған өзгерістер.

2010 жылғы 15 қарашадағы Директорлар кеңесінің құрамы:

Директорлар кеңесінің төрағасы – Люхудзяев Ф.

Директорлар кеңесінің мүшесі – Ниязов А.В.

Директорлар кеңесінің мүшесі – Ермембетов А.Ш.

Директорлар кеңесінің мүшесі – Жауарова Г.К.

Директорлар кеңесінің мүшесі - Тәуелсіз директор – Радостовец Н.В.

Директорлар кеңесінің мүшесі - Тәуелсіз директор – Раева Р.Е.

2011 жылғы 27 сәуірден бастап Директорлар кеңесі алған хабарламаның негізінде Директорлар кеңесінің мүшесі – Тәуелсіз директор Раева Р.Е. өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды. 2011 жылғы 30 мамырда «КазИнКомБанк» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының шешімімен Джулиан Дэвид Шарп Директорлар кеңесінің мүшесі – Тәуелсіз директор болып сайланды.

2011 жылғы 30 мамырдағы Директорлар кеңесінің құрамы:

Директорлар кеңесінің төрағасы – Люхудзяев Ф.

Директорлар кеңесінің мүшесі – Ниязов А.В.

Директорлар кеңесінің мүшесі – Ермембетов А.Ш.

Директорлар кеңесінің мүшесі – Жауарова Г.К.

Директорлар кеңесінің мүшесі - Тәуелсіз директор – Радостовец Н.В.

Директорлар кеңесінің мүшесі - Тәуелсіз директор – Джулиан Дэвид Шарп

2012 жылғы 30 қарашада «Bank RBK» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі – Тәуелсіз директор Джулиан Дэвид Шарптың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылып, Директорлар кеңесінің құрамына Мажинов И.Ш. (акционерлердің өкілі), Сайденов А.Г. – Тәуелсіз директор, Ертаева Н.А. – Тәуелсіз директор сайланды.

2012 жылғы 30 қарашадағы Директорлар кеңесінің құрамы:

Директорлар кеңесінің төрағасы – Люхудзяев Ф.

Директорлар кеңесінің мүшесі – Ниязов А.В.

Директорлар кеңесінің мүшесі – Ермембетов А.Ш.

Директорлар кеңесінің мүшесі – Жауарова Г.К.

Директорлар кеңесінің мүшесі – Мажинов И.Ш.

Директорлар кеңесінің мүшесі - Тәуелсіз директор – Радостовец Н.В.

Директорлар кеңесінің мүшесі - Тәуелсіз директор – Сайденов А.Г.

Директорлар кеңесінің мүшесі - Тәуелсіз директор – Ертаева Н.А.

13. Эмитенттің директорлар кеңесінің комитеттері.

Ішкі аудит комитеті:

Комитеттің мақсаты Банктің Директорлар кеңесінің ішкі бақылау барабар жүйесінің болуы мен қызметін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерін атқаруға көмектесу болып табылады.

Комитеттің негізгі міндеті келесілер жөнінде нұсқаулар таңдау арқылы Банктің Директорлар кеңесіне көмектесу болып табылады:

- Банктің қаржы-шаруашылық қызметін, қаржы есептілігінің толық және шынайы болуын тиімді бақылау жүйесін белгілеу;
- Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін, сондай-ақ корпоративті басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бақылау;
- сыртқы және ішкі аудит тәуелсіздігін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету процесін бақылау;
- Банктің Директорлар кеңесінің тапсырмаларына және/немесе Банктің ішкі нормативтік құжаттарының ережелеріне сәйкес құзыреті шегінде басқа мәселелер.

Комитет артылған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында келесі функцияларды атқарады:

- қаржы есептілігі мәселелері бойынша:
 - қаржы есептілігі мәселелері бойынша сыртқы аудитор әзірлеген есепті, сондай-ақ қаржы есептілігінің пайдаланылған қағидаларының, қаржы есептілігіндегі қомақты бағалау көрсеткіштерінің, есептіліктің маңызды түзетулерінің негізділігі мен қолданғыштығын, соның ішінде аудиторлық тексеру нәтижелері бойынша Банктің сыртқы аудиторы ұсынған қомақты түзетулердің негізділігі мен қолданғыштығын алдын ала қарастырады;
 - Банктің қаржы есептілігінің аудит мәселелеріне қатысты Банк басшылығы мен сыртқы аудитор арасында туындайтын кез келген келіспеушіліктерді алдын ала қарастырады;
- ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша:
 - ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің жайы туралы сыртқы және ішкі аудиторлардың есептерін алдын ала талдайды;
 - Банк басшылығы, Ішкі аудит қызметі, сыртқы аудиторлар жүргізген ішкі бақылау бағасын алдын ала қарастырады, Банк тәуекелдерін басқару, ішкі бақылау құралдарының тиімділігін талдайды, осы мәселелер бойынша ұсыныстар мен нұсқаулар енгізеді;

- Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелеріне қатысты Банктің ішкі және сыртқы аудиторлары нұсқауларының орындалуын бақылайды;
- басқарма берген ақпараттың негізінде ішкі бақылау мәселелері мен тәуекелдерді, Банктің тәуекелдерді басқару жөніндегі тиісті жоспарларын алдын ала қарастырады, ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін зерттейді;
- ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелері бойынша Банк саясаты мен процедураларын алдын ала мақұлдайды;
- ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру бойынша Банк әзірлеген іс-шаралардың орындалу сапасы мен нәтижелерін қарастырады және алдын ала талдайды;
- ішкі бақылау жүйесінің кемшіліктері жөнінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен аудиторлар жасаған ескертулерді және/немесе нұсқауларды/ұсыныстарды Банктің құрылымдық бөлімшелерінің жылдам орындауын қамтамасыз етуге көмектесу;
- Банктің ішкі бақылау кемшіліктерін қадағалайтын жүйені жақсарту жөніндегі ұсыныстар мен нұсқаулар, жою үшін қабылданған шараларды енгізеді;
- Банктің комплаенс-тәуекелді басқару саясатын орындауы үшін жауапкершілік көтереді, Банк Басқармасының Комплаенс-бақылау қызметі мәселелерінің тиімді шешілуін қамтамасыз етеді;
- комплаенс-тәуекелді бақылау есебін жыл сайын қарастырады, комплаенс-тәуекелді басқару тиімділігін бағалайды;
- сыртқы аудит мәселелері бойынша:
 - Банктің сыртқы аудиторын тағайындау және ауыстыру мәселелерін зерттейді, осы мәселе бойынша нұсқаулар әзірлейді;
 - Жыл сайын және аралық аудиттердің нәтижелерін, соның ішінде аудит нәтижелері бойынша Басқармаға ақпаратты қарастырады, талдайды;
- Ішкі аудит қызметінің тәуелсіздігі бөлігінде:
 - Ішкі аудит қызметінің сандық құрамы жөнінде нұсқаулар береді;
 - Ішкі аудит қызметі туралы ережені, ішкі аудит қызметінің процедураларын, Ішкі аудит қызметінің қызметін реттейтін басқа құжаттарды, сондай-ақ оларға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды алдын ала қарастырады, Банктің Ішкі аудит қызметінің Банк Басқармасының әсерінен тәуелсіздігін қамтамасыз етеді;
 - жылдық аудиторлық жоспарды алдын ала мақұлдайды;
 - Банктің Ішкі аудит қызметінің тұрақты есептерін алдын ала мақұлдайды;
 - кем дегенде жарты жылда бір рет Банк басшылығының өкілдерінің Ішкі аудит қызметінің басшысымен есеп жылы ішінде Ішкі аудит қызметінің қызметі талданатын кездесулер өткізеді;
 - Ішкі аудит қызметінің қызметін алдын ала бағалайды;
- заңнаманы сақтау мәселелері бойынша:
 - заңнаманың сақталуын қамтамасыз етуге шақыратын Банктің ішкі процедураларының тиімділігін бағалайды;
 - уәкілетті органның, сыртқы және ішкі аудиторлардың, Басқарма мүшелерінің заңнаманы сақтау мәселелері жөніндегі есептерін алады және зерттейді;
- қызмет туралы есептілік бойынша:
 - үнемі, бірақ кем дегенде жылына бір рет Банктің Директорлар кеңесінің алдында қызметі туралы есеп береді;
 - Банктің Директорлар кеңесінің есебіне енгізу үшін және Банк акционерлерінің жалпы жиналысының алдында есепте ашу үшін Комитеттің жұмыс нәтижелері туралы ақпарат әзірлейді;
- басқа міндеттері:
 - қажет болғанда арнайы тексеру жүргізу жөнінде Банктің Директорлар кеңесі үшін нұсқаулар әзірлейді;
 - Банктің Директорлар кеңесінің тапсыруымен Комитеттің құзыретіне жататын басқа міндеттерді атқарады.

2012 жылғы 14 желтоқсанда Банктің Директорлар кеңесінің шешімімен Комитеттің келесі құрамы бекітілді:

- Комитет төрайымы – директорлар кеңесінің мүшесі - Тәуелсіз директор Ертаева Н.А.
- Комитет мүшесі – Ішкі аудит қызметінің басшысы Жолбаева А.Б.

– Комитет мүшесі – Комплаенс-бақылау қызметінің комплаенс-бақылаушысы Бекетов Н.Т.

Тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет:

Комитетті құру мен қызметінің негізгі мақсаты Директорлар кеңесіне Банкте барабар тәуекел-менеджмент жүйесінің болуын және қызметін бақылау, тәуекелдерді басқару саясатының міндеттері мен мақсаттарын анықтау, тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру және күшейту, сондай-ақ Банк қабылдайтын тәуекелдер мониторингі, бағалау, талдау аясында реттеуші және қадағалаушы функцияларды атқаруда көмек көрсету болып табылады.

Комитет құзыретіне келесі мәселелерді алдын ала қарастыру және Директорлар кеңесіне нұсқаулар әзірлеу жатады:

- тәуекелдерді басқару жөніндегі Банк стратегиясын алдын ала қарастыру. Тәуекелдерді басқару процедураларын қарастыру кезінде Комитет заңнама нормаларын, Жарғысының ережелерін сақтай отырып, Банк үшін кірістілік пен тәуекел арасындағы оңтайлы балансқа жетуге, сондай-ақ Банктің атқарушы органының, құрылымдық бөлімшелерінің, Банктің жекелеген қызметкерлерінің қызметі үшін барабар ынталандыруға ұмтылуы керек;
- Банк саясатына немесе процедураларына қайшы немесе Банкпен ерекше қатынастағы тұлғалар үшін жеңілдікті жағдайлар жасайтын операциялар жасау мүмкіндігін болдырмау үшін кредиттік тәуекел мониторингі мен саясатын, соның ішінде шоғырландырылған негізде, қысқа мерзімді, орта мерзімді, ұзақ мерзімді кезеңдерде кредиттік тәуекелді өлшеу және болжамды бағалау процедураларын, тәуекелдермен (кредиттік тәуекел, пайыздық тәуекел, өтімділіктен айрылу тәуекелі, валюталық тәуекел, баға тәуекелі, комплаенс-тәуекел, тәуекелдердің басқа да түрлері) және Банк басшылығы өткізетін операциялар мониторингін жүргізу саясатын алдын ала қарастыру;
- Банк стратегиясының, тәуекел лимиттерінің барабарлығын даму стратегиясындағы өзгерістерге, Банк ұсынатын жаңа банктік қызметтер ерекшеліктеріне сәйкестігін, қаржы қызметтері нарығының жалпы жайын тексеру;
- кредиттік тәуекелдер бойынша кредиттік саясатты, операциялық тәуекелді басқару саясатын алдын ала қарастыру;
- Банк беретін қарыз ретінде сапаны бағалау процедураларын алдын ала қарастыру;
- провизияларды қалыптастырудың және жіктелген активтерді есептен шығарудың ішкі процедураларын алдын ала қарастыру;
- Банктегі мүдде дауын реттеу саясатын, соның ішінде кредит берумен байланысты қызметкерлердің мүдде дауы тәуекелін шектейтін процедураларды алдын ала қарастыру;
- кепіл саясатын алдын ала қарастыру;
- Кредиттік комитеттері, Активтер мен пассивтерді басқару комитеті туралы ережелерді алдын ала қарастыру;
- Қаржы құралдарын сатып алу-сату операцияларын басқару, баға тәуекелі бойынша позицияларды анықтау бойынша, соның ішінде қаржы құралдарына бөліп, нарық мөлшері мен қаржы нарығының өтімділігін есепке ала отырып, операцияларды ішкі басқару саясатын алдын ала қарастыру;
- қаржы құралдарымен жасалатын операциялар бойынша жиынтық лимиттің мәнін белгілеу ережелерін реттейтін ішкі актілерді алдын ала қарастыру, осы мәндерді, соның ішінде «stop-loss» лимиттерін белгілеу, валюталық позициялар бойынша лимиттер, валюталық нетто-позициялар және Банкке тиесілі қолданыстағы тәуекел сомаларын белгілеу, операциялардың жаңа түрлерін енгізгенде сәйкестік саласында жаңа тәуекелдерді есепке ала отырып, орындалуы бойынша Банктің атқарушы органына нұсқаулар беру;
- алдын ала білмейтін оқиғалар жағдайында жоспарды алдын ала қарастыру, сондай-ақ дағдарыс сценарийін талдау, қажет болғанда түзету шараларын бастау;
- Банк тәуекелдерін басқару жүйесінің қызметіне, Банктің Директорлар кеңесі мен сыртқы пайдаланушыларға берілетін қаржы және басқару ақпаратының шынайы әрі дәл болуына тұрақты мониторинг жүргізу;
- Директорлар кеңесінің бекітуіне дейін тәуекелдерді ішкі бақылау мен басқаруды жақсарту жөнінде сыртқы және ішкі аудиторларының қорытындыларын талдау, Банк қызметіндегі кемшіліктерді жою жөнінде іс-шаралар жоспарының орындалуына мониторинг жүргізу;
- қажет болғанда, бірақ тоқсанына кем дегенде бір рет Директорлар кеңесінің қарауына ұсынғанға дейін келесі есептерді талдау:

- жіктелген кредиттер динамикасы, оларға қарсы құрылған провизиялардың көлемдері туралы есептер;
- Банкпен ерекше байланыстағы тұлғалар алған жаңа қарыздар туралы есеп;
- пайыздық тәуекел бойынша Банк позицияларын қысқаша талдау;
- Банктің валюта айырбастау бағамдарының ауытқу тәуекеліне ұшырағыштығын қысқаша талдау;
- Банктің меншік капиталындағы ағымдағы және болжанатын қажеттіліктерін қысқаша талдау;
- Директорлар кеңесі бекіткен лимиттерді игеру және сақтау туралы есеп;
- Банктің ішкі құжаттарымен бекітілген тізімге сәйкес тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі басқа есептер;
- кредит қызметін автоматтандыру жүйесінің қызметін алдын ала қарастыру, скорингтік модельдерді, бағалау критерийлерін, стоп-факторларды бекіту, өзгерту;
- белгіленген тәуекел лимиттерін қомақты бұзуларды талдау, менеджмент әрекетінің тиімділігін анықтау;
- Банктің атқарушы органының Комплаенс-бақылау қызметінің мәселелерді тиімді шешуін қамтамасыз ету;
- комплаенс-тәуекелді басқару тиімділігін талдау;
- Банк менеджментімен тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыру, тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін ішкі бағалау критерийлерін белгілеу мәселелерін үнемі талқылау;
- тәуекелдерді басқару жүйесінің тиісті қызметін ішкі бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі Банк менеджменті мен атқарушы органының жұмысын талдау, Банктің Директорлар кеңесіне тиісті нұсқаулар әзірлеу.

2012 жылғы 14 желтоқсанда Банктің Директорлар кеңесінің шешімімен Комитеттің келесі құрамы бекітілді:

- Комитет төрағасы – директорлар кеңесінің мүшесі - Тәуелсіз директор Сайденов А.Г.
- Комитет мүшесі – Басқарма төрайымы Жақубаева М.К.
- Комитет мүшесі – Басқарушы директор Мамырбеков А.Т.

Стратегиялық жоспарлау комитеті:

Комитет басым стратегиялық жоспарлау бағыттарын әзірлеу, соның ішінде орта және ұзақ мерзімді болашақта Банк қызметінің тиімділігін арттыруға көмектесетін шаралар әзірлеу мәселелері бойынша Банктің Директорлар кеңесіне нұсқаулар әзірлеу мақсатында құрылған.

Комитеттің құзыретіне келесі мәселелерді алдын ала қарастыру және Банктің Директорлар кеңесіне олар бойынша нұсқаулар әзірлеу жатады.

- Банктің стратегиялық мақсаттарын (даму стратегияларын) алдын ала қарастыру;
- Банктің тиісті даму стратегиясына әсерін анықтау үшін экономикалық және бәсеке ортадағы өзгерістерге мониторинг жүргізу, ескертулерді есепке ала отырып, Банктің даму стратегиясының қайта қарастырылуын/қайта бағалануын қамтамасыз ету;
- үнемі, бірақ кем дегенде жылына бір рет Банктің даму стратегиясын жүзеге асыру шараларының орындалу барысын қарастыру, алдыға қойған мақсаттарға жету үшін даму стратегиясы мен нұсқауларды жүзеге асыру шараларының тиімділігін бағалап, Банктің Директорлар кеңесіне есеп беру;
- Банк қызметінің (дамуының) басым бағыттарын анықтауға қатысты стратегиялық шешімдер шығару, Банктің даму стратегиясының бекітілген басым бағыттарын орындауды бағалау (мониторинг) жөнінде Банктің Директорлар кеңесіне нұсқаулар беру, талдау;
- орта және ұзақ мерзімді болашақта Банк қызметінің тиімділігін арттыруға қатысты стратегиялық шешімдер шығару жөнінде нұсқаулар беру, талдау;
- Банкті қайта ұйымдастырумен (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару немесе қайта құру) байланысты стратегиялық шешімдер жөнінде нұсқаулар беру, талдау;
- Банктің даму стратегиясын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын алдын ала қарастыру және мақұлдау;
- Банктің даму стратегиясының орындалу барысы, Банк тиімділігінің стратегиялық негізгі көрсеткіштерінің мақсатты мәндеріне жету туралы ақпаратты қамтитын, Банктің Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылатын құжаттарды алдын ала қарастыру;
- Банктің даму жоспарларын алдын ала қарастыру;

- Банктің Директорлар кеңесіне Комитеттің жұмысы туралы жылдық есеп ұсыну;
- Банктің Директорлар кеңесінің нұсқауларына және/немесе Банктің ішкі нормативтік құжаттарының ережелеріне сәйкес құзыреті шегінде басқа мәселелер бойынша Банктің Директорлар кеңесіне нұсқаулар беру.

2012 жылғы 14 желтоқсанда Банктің Директорлар кеңесінің шешімімен Комитеттің келесі құрамы бекітілді:

- Комитет төрағасы – директорлар кеңесінің мүшесі - Тәуелсіз директор Сайденов А.Г.
- Комитет мүшесі – Басқарма төрайымы Жакубаева М.К.
- Комитет мүшесі – Басқарушы директор Мамырбеков А.Т.

Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитет:

Комитеттің мақсаты Банктің кадрлар және сыйақы бойынша басым бағыттарын әзірлеу, соның ішінде орта және ұзақ мерзімді болашақта Банк қызметінің тиімділігін арттыруға көмектесетін іс-шаралар әзірлеу мәселелері бойынша Банктің Директорлар кеңесінің міндеттерін атқаруға көмектесу болып табылады.

Комитеттің құзыретіне келесі мәселелерді алдын ала қарастыру, Банктің Директорлар кеңесіне олар бойынша нұсқаулар әзірлеу жатады.

- ынталандыру, сыйақы төлеу мәселелерін, Банк қызметкерлеріне сыйақы төлеу саясатын реттейтін Банктің ішкі нормативтік құжаттарының жобаларын алдын ала қарастыру және олар бойынша Банктің Директорлар кеңесіне нұсқаулар енгізу;
- Банктің Директорлар кеңесінің мүшелеріне, Банк Басқармасының мүшелеріне, Ішкі аудит қызметінің, Комплаенс-бақылау қызметінің басшысы мен қызметкерлеріне, Банктің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлеріне жалақы, сыйақы төлеу жүйесі мәселелерін алдын ала қарастыру;
- Банктің Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы, соның ішінде Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің қызмет сапасына байланысты ауыспалы құрам қажеттілігін есепке алатын, сондай-ақ міндеттерін орындаумен байланысты өтемақы төлемдерін төлеу механизміне қатысты нұсқаулар енгізу;
- Банктің Директорлар кеңесінің мүшелеріне, Басқарма мүшелеріне, Ішкі аудит қызметінің, Комплаенс-бақылау қызметінің басшысы мен қызметкерлеріне, Банктің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлеріне төленетін сыйақы мөлшері анықталатын критерийлер әзірлеу бойынша Банктің Директорлар кеңесіне нұсқаулар енгізу, алдын ала қарастыру;
- Комитеттің құзыретіне жататын Банктің Директорлар кеңесінің тапсырмаларын орындау;
- Банктің Директорлар кеңесіне Комитеттің жұмысы туралы жылдық есеп тапсыру;
- Банктің Директорлар кеңесінің тапсырмаларына және/немесе Банктің ішкі нормативтік құжаттарының ережелеріне сәйкес құзыреті шегінде басқа мәселелер бойынша Банктің Директорлар кеңесіне нұсқаулар беру.

2012 жылғы 14 желтоқсанда Банктің Директорлар кеңесінің шешімімен Комитеттің келесі құрамы бекітілді:

- Комитет төрайымы – директорлар кеңесінің мүшесі - Тәуелсіз директор Ертаева Н.А.
- Комитет мүшесі – Басқарма төрайымы Жакубаева М.К.
- Комитет мүшесі – Қызметкерлермен жұмыс жөніндегі департаменттің директоры Катарбаева А.А.

Әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет:

Комитеттің мақсаты орта және ұзақ мерзімді болашақта Банк қызметінің тиімділігін арттыруға көмектесетін іс-шаралар әзірлеу мәселесін қоса алғанда Банктің тиімді әлеуметтік саясатын әзірлеу жөніндегі басым бағыттар әзірлеу мәселелері бойынша Банктің Директорлар кеңесінің міндеттерін жүзеге асыруға көмектесу болып табылады.

Комитеттің құзыретіне келесі мәселелерді алдын ала қарастыру, олар бойынша Банктің Директорлар кеңесіне нұсқаулар әзірлеу болып табылады.

- Банк қызметкерлерін әлеуметтік қолдау саясатына, әлеуметтік қолдау түрлерінің тізіміне қатысты Банктің Директорлар кеңесіне нұсқаулар енгізу, алдын ала қарастыру;

- әлеуметтік мәселелерді шешуге көмектесу;
- Банктің Директорлар кеңесінің, Басқарманың мүшелеріне, Ішкі аудит қызметінің, Комплаенс-бақылау қызметінің басшысы мен қызметкерлерін, Банктің құрылымдық бөлімшелерінің басқа да басшылары мен қызметкерлерін әлеуметтік қолдау мәселелерін алдын ала қарастыру;
- Банктің корпоративті басқару жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша Банктің Директорлар кеңесіне нұсқаулар әзірлеу;
- Банктің кәсіби беделін, қызметкерлерінің рухани рухын көтеруге бағытталған, Банктің Директорлар кеңесі мен Банк басқармасына нұсқаулар әзірлеу;
- Банктің Директорлар кеңесінің тапсыруымен Комитеттің құзыретіне жататын басқа да міндеттерді атқару;
- Банктің Директорлар кеңесіне Комитеттің жұмысы туралы жылдық есеп ұсыну;
- Банктің Директорлар кеңесінің тапсырмалрына және/немесе Банктің ішкі нормативтік құжаттарының ережелеріне сәйкес құзыреті шегінде басқа мәселелер бойынша Банктің Директорлар кеңесіне нұсқаулар беру.

2012 жылғы 14 желтоқсанда Банктің Директорлар кеңесінің шешімімен Комитеттің келесі құрамы бекітілді:

- Комитет төрайымы – директорлар кеңесінің мүшесі - Тәуелсіз директор Ертаева Н.А.
- Комитет мүшесі – Басқарушы Директор Мамырбеков А.Т.
- Комитет мүшесі – Атқарушы Директор Бабкин К.В.

14. Ішкі аудит қызметі.

Ішкі аудит қызметінің басшысы Жолбаева Айна Болгановна 05.01.1968 ж.т. Қызмет атқара бастаған күні: 2012 жылғы 01 ақпан.

15. Эмитенттің атқарушы органы.

Басқарма мүшесінің аты-жөні, туылған жылы	Қазіргі кезде атқаратын, соңғы 3 жылда атқарған қызметі	Қазіргі кезде атқаратын, соңғы 3 жылда атқарған қосарлас қызметі	Дауыс беруші акцияларының жалпы дауыс беруші акциялар санындағы үлесі, %
Жакубаева Марпу Каримовна 30.10.1958 ж.т.	«Bank RBK» АҚ 2012 ж. қыркүйек – қазіргі уақытқа дейін Басқарма төрайымы 2012 ж. шілде – 2012 ж. тамыз Басқарма төрайымының м.а. 2010 ж. желтоқсан – 2012 ж. маусым басқарма мүшесі – Басқарма төрағасының орынбасары 2010 ж. қазан – 2010 ж. желтоқсан Басқарма төрағасы орынбасарының м.а. 2008 ж. қыркүйек – 2010 ж. қыркүйек Басқарма төрайымы	«Bank RBK» АҚ 2009 ж. сәуір – 2010 ж. қазан Директорлар кеңесінің мүшесі	Жоқ
Туғанбай Данияр Серікұлы 13.09.1980 ж.т.	«Bank RBK» АҚ 2011 ж. шілде – қазіргі уақытқа дейін басқарма мүшесі – Басқарма төрайымының орынбасары 2011 ж. мамыр – 2011 ж. маусым Басқарма төрайымы	Жоқ	Жоқ

	орынбасарының м.а. 2010 ж. қазан – 2011 ж. сәуір Басқарма төрағасының кеңесшісі «Еуразиялық Банк» АҚ 2008 ж. қараша – 2009 ж. желтоқсан Басқарма Аппаратының атқарушы директоры		
Даулетбекова Анара Айтеевна 06.01.1974 ж.т.	«Bank RBK» АҚ 2012 ж. қыркүйек – қазіргі уақытқа дейін басқарма мүшесі – Бас бухгалтер 2012 ж. шілде – 2012 ж. тамыз Басқарма мүшесінің м.а. – Бас бухгалтер 2006 ж. қаңтар – 2011 ж. сәуір басқарма мүшесі – Бас бухгалтер 2005 ж. сәуірден – қазіргі уақытқа дейін Бас бухгалтер	Жоқ	Жоқ

16. Директорлар кеңесінің, атқарушы органның мүшелеріне және эмитенттің басқа басшы тұлғаларына төленетін сыйақы.

Басқару органдары	Соңғы үш айда төленген жалпы сыйақы мөлшері (мың теңге)	Келесі он екі айда төленуге тиісті сыйақының жоспарланған жалпы мөлшері (мың теңге)
Директорлар кеңесі	10 899,0	88 342,0
Басқарма	11 842,0	48 000,0

17. Эмитенттің ұйымдық құрылымы.

Ұйымдық құрылым осы Проспекттің №1 қосымшасында берілген.

Эмитент қызметкерлерінің, соның ішінде эмитенттің филиалдары мен өкілдіктерінің қызметкерлерінің жалпы саны.

Орналасқан жері	Қызметкерлер саны
Бас офис	285
Филиалдар	252
Жалпы	537

Эмитенттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары туралы мәліметтер.

№	Аты-жөні	Лауазымы / Бөлімше
1	Даулетбекова Анара Айтеевна	Бас бухгалтер / Бухгалтерлік есеп және есептілік департаментінің кураторы
2	Степанова Ирина Константиновна	Басқарушы директор / VIP Banking департаменті, Бөлшек өнімдерді сату департаменті, Contact Centre, Әдістеме басқармасының кураторы

3	Мамырбеков Абылкасым Туленович	Басқарушы директор / Қаржылық талдау және жоспарлау департаменті, Қазынашылық операцияларға ілеспе қызмет көрсету басқармасы, Банктік технологиялар департаментінің кураторы
4	Сыздықов Нурлан Турсинбаевич	Басқарушы директор / Ақпараттық технологиялар департаменті, Банктік карточкалар департаментінің кураторы
5	Мамбетжанова Алия Аманжоловна	Басқарушы директор / Корпоративтік бизнес департаменті, Шағын және орта бизнес департаментінің кураторы
6	Ниязов Рустам Абдуганиевич	Басқарушы директор / Қазынашылық департаментінің кураторы
7	Кожабаяев Альжан Алматович	Басқарушы директор / Оқу орталығының кураторы
8	Садықов Адылжан Арупжанович	Басқарушы директор / Проблемалы қарыздармен жұмыс департаменті, Экономикалық қауіпсіздік басқармасы, Ішкі қауіпсіздік басқармасының кураторы
9	Ковалев Виталий Александрович	Атқарушы директор / Ақпараттық технологиялар департаменті, Банктік карточкалар департаментінің кураторы
10	Жауарова Дария Каженовна	Атқарушы директор / VIP Banking департаментінің кураторы
11	Бабкин Константин Валерьевич	Атқарушы директор / Маркетинг және жарнама департаментінің кураторы
12	Хожамбердиев Куаныш Маратович	Директор / Ақпараттық технологиялар департаменті
13	Ибраева Каламкас Баглан-Бековна	Директор / Заң департаменті
14	Бисалиева Диляра Магзумовна	Директор / Маркетинг және жарнама департаменті
15	Иманбекова Шолпан Исаевна	Директор / Операциялық бизнесті дамыту департаменті
16	Бейсембаева Ботагөз Бегалиқызы	Директор / Банктік операцияларды басқару департаменті
17	Огатаева Регина Маратовна	Директор / Шағын және орта бизнес департаменті
18	Мукашева Гульнара Айтмухаметовна	Директор / VIP Banking департаменті
19	Молдағалиев Ермек Жайсанбекович	Директор / Банктік карточкалар департаменті
20	Агапов Денис Константинович	Директор / Тәуекелдер департаменті
21	Рахимбекова Жаухар Сапаровна	Директор / Бөлшек өнімдерді сату департаменті
22	Шарипов Тимур Газизович	Директор / Корпоративтік бизнес департаменті
23	Катарбаева Анаргүль Абдикасимовна	Директор / Қызметкерлермен жұмыс жөніндегі департамент
24	Лазаренко Денис Григорьевич	Директор / Ақпараттық-техникалық қауіпсіздік департаменті
25	Мадигалиев Шынғыс Серикханович	Директор / Банктік технологиялар департаменті
26	Едигенев Данияр Баянович	Директор / Кепілмен қамтамасыз ету департаменті
27	Куряшкин Сергей Николаевич	Директор / Қаржы талдау және жоспарлау департаменті
28	Естекова Салтанат Умаргазиевна	Басшы / Қазынашылық операцияларға ілеспе қызмет көрсету басқармасы

29	Шандрова Сауле Тургаевна	Басшы / Әдістеме басқармасы
30	Бағашарова Наркиз Тилеуовна	Басшы / Әкімшілік-шаруашылық қызмет басқармасы
31	Исаева Тотыгуль Усмановна	Басшы / Төлем жүйелері басқармасы
32	Жумагулова Жанар Муратовна	Басшы / Құжатпен қамтамасыз ету басқармасы
33	Игильман Асылбек Мұхамедұлы	Басшы / Қор басқармасы
34	Торошин Игорь Аркадьевич	Басшы / Экономикалық қауіпсіздік басқармасы
35	Амрашев Кайыржан Толеутаевич	Басшы / Ішкі қауіпсіздік басқармасы
36	Жолбаева Айна Болгановна	Басшы / Ішкі аудит қызметі
37	Бекетов Нурлан Тукмурзиневич	Комплаенс-бақылаушы / COMPLAENС-бақылау қызметі
38	Таштаева Алтынай Кубеновна	Басшы / Contact Centre
39	Нуркасымова Гульмира Абдыкеримовна	Директор / Оқу орталығы
40	Абдуғали Аркен Альбекұлы	Баспасөз хатшысы

Филиалдардың басшылары туралы мәліметтер.

№	Аты-жөні	Лауазымы / Орналасқан жері
1	Барменбекова Гульдрайхан Жаркентовна	Директор / Алматы қ. Филиал
2	Досмухаметов Рустем Мукашевич	Директор / Астана қ. Филиал
3	Омаров Мухтар Каирбекович	Директор / Қарағанды қ. Филиал
4	Жумашева Бикеш Султановна	Директор / Павлодар қ. Филиал
5	Тойшиев Талгат Жуматович	Директор / Шымкент қ. Филиал

3. ЭМИТЕНТТІҢ АКЦИОНЕРЛЕРІ МЕН АФФИЛИИЛЕНГЕН ТҮЛҒАЛАРЫ

18. Эмитенттің акционерлері.

Эмитент үлестерінің (орналастырылған және дауыс беруші акцияларының) он және одан көп пайызына ие эмитент акционерлерінің жалпы саны.

Дауыс беруші акциялардың жалпы санының 11,00% үлесі бар Банктің ірі қатысушысы Люхудзиев Ф. «Bank RBK» АҚ дауыс беруші акциялардың он және одан көп пайызына ие жалғыз тұлғасы болып табылады.

Эмитенттің акционерлері болып табылмайтын, бірақ басқа ұйымдар арқылы эмитенттің қызметін бақылау құқығына ие тұлғалар туралы мәліметтер.

«Bank RBK» АҚ Банк акционерлері болып табылмайтын, бірақ басқа ұйымдар арқылы эмитенттің қызметін бақылау құқығына ие немесе шарт күшінде немесе басқаша Банк қабылдайтын шешімдерге әсер ете алатын қандай да бір тұлғалармен байланысы жоқ.

19. Акциялардың (үлестерінің) он және одан да көп пайызына эмитент ие болып табылатын заңды тұлғалар туралы мәліметтер.

«Bank RBK» АҚ қандай да бір заңды тұлғаның төленген жарғылық капиталының он және одан да көп пайызына ие акционер (қатысушы) емес.

20. Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат.

Атауы	Орналасқан жері
«Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы» ЗТБ	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әйтеке би к-сі, 67
«Қазақстанның депозиттерді кепілдендіру қоры» АҚ	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Көктем-3, 21
«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Гоголь к-сі, 111
«Қазақстан қор биржасы» АҚ	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Байзақов к-сі, 280, «Almaty Towers» МФК солтүстік мұнара, 8-қабат

21. Эмитенттің басқа аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтер.

Аффилирленген тұлғалар туралы мәліметтер осы Проспекттің №2 қосымшасында берілген.

22. Аффилирленген тұлғалардың қатысуымен жасалған мәмілелер.

Соңғы бір жыл ішіндегі аффилирленген тұлғалардың қатысуымен болған мәмілелер туралы осы Проспекттің № 3 қосымшасында берілген.

4. ЭМИТЕНТ ҚЫЗМЕТІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

23. Эмитент қызметіндегі жалпы үрдістердің, соның ішінде Эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша қысқаша сипаттамасы.


«Bank RBK» АҚ (бұдан былай – Банк) Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі коммерциялық банкі болып табылады. Банктің басты мақсаты клиенттерге ұсынылатын банктік өнімдер мен қызметтерді дамытуға сүйеніп, кірістілікті өсіру және бизнес-процестердің тиімділігі есебінен акционерлік құнды арттыру болып табылады.

Эмитенттің бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер. Егер бұл мүмкін болса, Қазақстан Республикасының ішіндегі орта салалық көрсеткіштермен және орта әлемдік көрсеткіштермен Эмитент қызметінің салыстырмалы сипаттамасы.

Қазақстанның банктік секторы Республиканың қаржы нарығының ең дамыған сегменті болып табылады. Бүгінгі күні Қазақстанда екінші деңгейлі 38 банк (ЕДБ) қызмет атқарады, олардың жиынтық активтері 13,9 трлн.теңге құрайды. ЕДБ активтерінің мөлшері бойынша нарық үлесі жиынтық активтері 5% асатын ірі банктер, үлесі 1% - 5% орта банктер, үлесі 1% аз ұсақ банктер деп бөлуге болады. Ірі банктер ЕДБ барлық активтерінің 65,3%, орта банктер – 26,9%, ұсақ банктер – 7,8% құрайды.


2013 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша Банк 0,64% үлесімен активтер көлемі бойынша 38 банктің ішінен 20-орын алады. Нарықтағы үлесі 0,20% - 1,5% орта және ұсақ банктер Банктің негізгі бәсекелестері болып табылады. Бұл сегмент жиынтық активтері шамамен 1 176млрд. теңге немесе бүкіл банктік сектор активтерінің 8,5% 13 банкпен танытылған. Осы сегмент активтеріндегі Банк үлесі 7,6% немесе 88,8 млрд. теңге құрайды.

(млрд. теңге)



Осы сегменттің жиынтық несиелік портфелі шамамен 772 млрд. теңге немесе банктік сектордың несиелік портфелінің 6,6% құрайды. Осы сегменттегі Банктің үлесі 8,5% немесе 65,6 млрд. теңге құрайды.


(млрд. теңге)




Осы сегменттегі міндеттемелердің жиынтық көлемі шамамен 984 млрд. теңге немесе банктік сектор міндеттемелер көлемінің 8,3% құрайды. Соның ішінде жеке тұлғалардың салымдары 101 млрд. теңге немесе 3,0%, заңды тұлғалардың салымдары – 680 млрд. теңге немесе 13,3% құрайды.

Осы сегменттегі Банктің үлесі 7,5% немесе 73,4 млрд. теңге, соның ішінде жеке тұлғалардың салымдары бойынша 16,2% немесе 16,5 млрд. теңге, заңды тұлғалар – 7,2% немесе 48,9 млрд. теңге құрайды.


(млрд. теңге)



Жеке тұлғалар




Заңды тұлғалар



Осы сегменттегі меншікті капиталдың жиынтық көлемі 192 млрд. теңге немесе банктік сектордың меншікті капитал көлемінің 9,6% құрайды. Осы сегменттегі Банктің үлесі 8,0% немесе 15,4 млрд. теңге құрайды.

(млрд. теңге)



Саланың келешек дамуына және эмитенттің осы саладағы жағдайына қатысты болжам.

Банк теңгерімді кредиттік және инвестициялық саясат жүргізіп келеді. Активтердің қомақты үлесін Қазақстан Республикасы экономикасының шынайы секторына берілген, соның ішінде шағын және орта бизнеске берілген кредиттер құрайды. Қазақстандағы банктік сектордың жайын

объективті бағалап, бұдан былайғы дамуын болжап, Банк басшылығы жоғары сапалы банктік қызметтер спектрінде заңды және жеке тұлғалар – клиенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыру арқылы Қазақстанның экономикалық дамуына қатысатын әмбебап банк ретінде «Bank RBK» АҚ орын алуы туралы шешім қабылдады.

Қазіргі уақытта Банк филиалдық желісін өсіріп, өнімдер желісін кеңейтуде, клиентке барынша бағытталған жаңа қызмет стандарттарын енгізуде. Банк жақын жылдары көптеген көрсеткіштер бойынша жағдайын жақсартады, соның ішінде кірістілігін арттырады деп күтілуде. Бір қалыпты бақылауда өсу, портфель сапасы, бизнес тиімділігі Банктің стратегиялық басымдылықтары болып табылады. Таразыланған саясат, сенімділік, нарық жағдайындағы өзгерістерге жылдам әрі барабар жауап беру, қиын қаржы міндеттері мен клиенттердің мәселелерін шешудегі әдеттен тыс тәсілдерге бару – Банк қызметінде басшылыққа алатын нәрселер.

Банктің даму стратегиясының негізгі элементтері:

- 2012 – 2015 ж.ж. активтер бойынша нарық үлесін 1% дейін арттыру;
- Банктің беделі мен мәртебесін көтеру;
- Клиенттік базаны дамыту, клиенттердің қанағаттану деңгейін арттыру;
- Қазіргі бар және ықтимал тәуекелдерге қатысты тұрақтылық пен беріктілікті қамтамасыз ету;
- Автоматтандыру, ақпараттық технологияларды дамыту негізінде Банктің негізгі бизнес-процестерін сапалы жетілдіру;
- Бизнес рентабельділігін арттыру;
- Филиалдар желісін дамыту, аймақтарда орындарды күшейту;
- Қызметкерлердің кәсібилік, қанағаттану және адалдық деңгейін көтеру.

24. Эмитенттің қызметіне болашақта едәуір әсер етуі мүмкін эмитент жасаған маңызды келісімшарттар, келісімдер туралы мәліметтер.

Банк қызметіне кейіннен қомақты әсер ететін келісімшарттар, келісімдер жасаған жоқ.

25. Құжат күнін, нөмірін, жарамдылық мерзімін, осы құжатты берген органды көрсетіп, эмитенттің қызмет атқару үшін алған лицензиялары, патенттері, рұқсаттары туралы мәліметтер.

Банк Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті 2011 жылғы 13 қазанда банктік және басқа операциялар жүргізуге берген №1.1.112 лицензияның негізінде қызмет атқарады.

26. Соңғы екі жыл ішіндегі немесе нақты қызмет атқарған кезең ішіндегі таратылған өнімдердің (орындалған жұмыстардың, қызметтердің) нақты немесе сандық өлшем бірліктерінде қабылданған көлемдері.

Қарыз операциялары, заңды және жеке тұлғалардың мерзімді депозиттерін қабылдау банктік қызметтердің негізгі баптары болып табылады.

Банктің несиелік портфелі (мың теңге):

	2010 (аудиттелген)	2011 (аудиттелген)	01.10.2012 (аудиттелген)	2012 (аудиттелмеген)
Корпоративтік кредиттер және ШОБ	2 840 753	12 551 172	45 075 438	57 963 629
Тұтыну кредиттері	45 769	3 231 129	5689 638	8 517 049
Ипотекалық кредиттер	37 960	240 614	601 138	857 780
ЖАЛПЫ	2 924 482	16 022 915	51 366 214	67 338 458

2013 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша клиенттерге берілген несие көлемі 67 338 458 мың теңге құрады. 2012 жылы портфель өсімі 51 315 543 мың теңге құрады. Несие портфелінің негізгі өсім үлесін корпоративтік клиенттер мен ШОБ берілген қарыздар құрайды. Бір жыл ішіндегі осы портфель бойынша өсім 45 412 457 мың теңге құрады. Жеке тұлғаларға берілген қарыздар бойынша өсім 5 903 086 мың теңге құрады.

Клиенттердің қаражаты шот түрлері мен клиенттердің түрлері бөлгенде (мың теңге):

	2010 (аудиттелген)	2011 (аудиттелген)	01.10.2012 (аудиттелген)	2012 (аудиттелмеген)
Мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар				
- ағымдағы/есеп айырысу шоттары	27 385	224 240	3 143 077	3 493 167
- мерзімді салымдар	-	1 017 573	9 307 210	7 472 777
- міндеттемелер қамтамасыз етілген салымдар	-	-	-	560 184
Заңды тұлғалар				
- ағымдағы/есеп айырысу шоттары	1 649 526	6 842 421	13 022 177	17 655 196
- мерзімді салымдар	280 787	17 596 894	13 646 402	17 798 234
- міндеттемелер қамтамасыз етілген салымдар	-	1 225 687	10 515 793	9 382 090
- басқа салымдар	-	2 372	5 861	31 792
Жеке тұлғалар				
- ағымдағы/есеп айырысу шоттары	-	210 180	229 232	359 913
- мерзімді салымдар	18 838	4 608 722	12 693 961	14 816 879
- міндеттемелер қамтамасыз етілген салымдар	-	1 380 016	1 361 343	1 389 814
ЖАЛПЫ ағымдағы/есеп айырысу шоттары	1 676 911	7 276 841	16 394 486	21 508 276
ЖАЛПЫ мерзімді салымдар	299 625	25 831 264	47 530 570	51 451 770

2013 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша клиенттерден тартылған мерзімді салымдар көлемі 51 451 770 мың теңге құрады. 2012 жылы өсім 25 620 506 мың теңге құрады.

Пайыздық кірістер мен шығындар (мың теңге):

	2010 (аудиттелген)	2011 (аудиттелген)	01.10.2012 (аудиттелген)	2012 (аудиттелмеген)
Пайыздық кірістер	301 158	1 544 526	4 350 270	6 545 080
- клиенттерге берілген кредиттер мен аванстар	299 313	1 419 740	3 980 152	6 046 304
- басқа пайыздық кірістер	1 845	124 786	370 118	498 776
Пайыздық шығындар	2 652	532 434	1 629 285	2 414 236
- мерзімді салымдар	2 494	516 620	1 600 304	2 378 856
- басқа пайыздық шығындар	158	15 814	28 981	35 380
Таза пайыздық кірістер	298 506	1 012 092	2 720 985	4 130 844

27. Эмитенттің негізгі қызмет түрлері бойынша сату (жұмыстарды, қызметтерді) кірістілігіне оң және теріс әсер ететін факторлар.

Оң факторлар:

- Қазақстанда макроэкономикалық жағдайда жақсарту, кредиттік емес ресурстарға деген сұранысты арттыру;
- Банк портфеліндегі корпоративтік клиенттер санының көп болуы, соның ішінде елдің жетекші өнеркәсіптік және сауда компанияларының, Банкке бәсекелік артықшылық беретін бірқатар орта өнеркәсіптік және сауда кәсіпорындарының болуы;
- Клиентке бағытталған тарифтік және өнім саясаты;
- Заманаи техникалық құралдар мен бағдарламалық жасақтаманың болуы, бұл ұсынылатын банктік қызметтердің өзіндік құнын арттырып, Банктің Қазақстан Республикасының банктік секторында бәсекелесу қабілетін арттыруға әкеледі;
- Топ-менеджменттің, Банктің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлерінің жоғары кәсіби деңгейі.

Теріс факторлар:

- Банктік сектордың қазіргі бар және ықтимал қатысушыларының тарапынан бәсекенің әсері, бұл банктік қызметтер бағасының төмендеуіне, осыдан кірістіліктің төмендеуіне алып келеді;
- Қазақстан Республикасының банктік секторындағы нарықтың шағын үлесі;
- Банктік қызметті реттеу бөлігінде заңнама жүйесін, пруденциалдық нормативтердің талаптарын қатаңдату;
- әлемдік қаржы дағдарысы салдарынан кредиттік портфель сапасының төмендеу тәуекелі.

28. Эмитенттің өнімін (жұмыстарын, қызметтерін) сатуды ұйымдастыру бойынша қызметі.

Банк негізгі қызметі банктік қызметтер ұсыну болып табылатын қаржы ұйымы болып табылады. Заңды және жеке тұлғалар Банк қызметтерін негізгі тұтынушылар болып табылады.

Банк клиенттеріне ұсынатын негізгі өнім – кредиттер. Төменде 2013 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша салалар бойынша кредиттік портфель бөлініп берілген.

(мың теңге)

Сала	Берешек мөлшері (аудиттелмеген)	Жалпы көлемнің %
Көтерме сауда (авто мен мото. есепке алмағанда)	18 723 068	27,80%
Құрылыс	11 092 347	16,47%
Көлік қызметтері, қойма шаруашылығы	5 494 489	8,16%
Ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы. Балық шаруашылығы өнімдері	3 893 114	5,78%
Кәсіби, ғылыми, техникалық қызметтер	3 727 163	5,53%
Қаржы және сақтандыру қызметтері	3 089 483	4,59%
Жал, лизинг	2 050 918	3,05%
Өңдеу өнеркәсібінің басқа өнімі	1 128 210	1,68%
Басқа метал емес минерал. өнімдерді өндіру	1 123 216	1,67%
Тау-кен өндіру өнеркәсібінің өнімі	1 108 048	1,65%
Ақпараттандыру және байланыс қызметтері	977 820	1,45%
Бөлшек сауда (авто мен мото. есепке алмағанда)	904 763	1,34%
Азық-түлік өндіру	815 596	1,21%
Электроэнергия, газ, бу және ауа кондиц.	769 710	1,14%
Дайын метал бұйымдар шығару	656 241	0,97%

Авто және мото. Көтерме және бөлшек саудасы	587 664	0,87%
Жылжымайтын мүлікпен операциялар	583 486	0,87%
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет саласындағы қызметтер	217 583	0,32%
Компьютерлер, электронды және оптикалық өнімдер өндіру	174 778	0,26%
Жиһаз жасау	58 437	0,09%
Басқа салалар	787 495	1,17%
Жеке тұлғалар	9 374 829	13,92%
Барлығы:	67 338 458	100%

29. Эмитент қызметіне әсер ететін негізгі факторлар.

Эмитент қызметінің маусымдылығы, маусымдық сипатқа ие қызмет түрлері, эмитенттің жалпы кірісіндегі олардың үлесі.

Маусымдық факторы Банк қызметіне әсер етпейді.

Эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттың (жұмыстардың, қызметтердің) таратылатын өнімнің жалпы көлеміндегі импорттық үлесі және таратылатын өнімнің жалпы көлеміндегі эмитент экспортқа шығаратын өнімінің (жұмыстарының, қызметтерінің) үлесі.

Банк импорты/экспорты жоқ.

Мәмілелердің сомасы эмитент активтерінің баланстық құнының он пайызынан асатын болса, облигация шығарылымы туралы шешім қабылданған күннен бастап алты айдың ішінде жасалуы немесе орындалуы қажет мәмілелер туралы мәліметтер.

Облигациялар шығарылғаннан кейін алты ай ішінде сомасы активтердің баланстық құнының 10% асатын мәмілелер жасау жоспарланбайды.

Келешектегі міндеттемелер. Эмитенттің келешектегі міндеттемелері және ондай міндеттемелердің эмитент қызметіне тигізетін кері әсері анықталады, сонымен қатар үшінші тұлғалардың кепілдемелерімен қамтамасыз етілген өзге эмитенттердің облигациялары бойынша эмитент қызметіне әсер етуі мүмкін эмитент кепілдемелері, сондай-ақ ондай эмитент, облигация саны, кепілдеме шарттары, өтеу күні және кепілдендірілген шығарылым валютасы туралы мәліметтер.

Келешекте активтердің баланстық құнының 10% асатын Банк міндеттемелері және Банк қызметіне осы міндеттемелердің әсері күтілмейді.

Эмитенттің сот процестеріне қатысуы туралы мәліметтер. Нәтижесі эмитент қызметін тоқтатуға немесе шектеуге, оған ақшалай немесе өзге міндеттемелерді салуға алып келетін эмитент қатысқан сот процестерін сипаттамасын беру керек.

1. Сафина Х.А. «Bank RBK» АҚ берген қайта құрудың, «КазИнКомБанк» АҚ «Bank RBK» АҚ болып қайта тіркелуінің, Заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тізілімі мен электронды деректер банкінен шығарудың, т.б. күші жоқ деп тану туралы шағымы бойынша азаматтық іс.

Сафина Х.А. шағымнан бас тарту, іс бойынша өндірісті тоқтату туралы сотқа өтініш берді. Алматы қ. мамандандырылған экономикалық сотының 04.02.2013ж. анықтамасымен шағым берушінің шағымнан бас тартуына байланысты іс бойынша өндіріс тоқтатылды.

2. Акбаев Д.А., Келменбетов С.У., Идрисова А.К., Ахметова М.Е., Сарсенов Т.А. «Bank RBK» АҚ Алматы қ. Филиалына берген айыппұл санкцияларын қолдану бөлігінде Банк әрекеттерін даулау туралы шағымы бойынша азаматтық іс.

Алматы қ. Алмалы ауданының №2 аудандық сотының 19.06.2012ж. шешімімен шағым берушілердің шағым талаптары толық қанағаттандырылды.

Алматы қалалық сотының азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының 06.09.2012ж. қаулысымен бірінші инстанция сотының шешімі шағымды толық көлемде қанағаттандырудан бас тарту туралы жаңа шешім қабылдау арқылы күші жойылды. Банктің апелляциялық шағымы мен Алматы қ. Алмалы ауданы прокурорының апелляциялық наразылығы қанағаттандырылды.

Алматы қалалық сотының кассациялық сот алқасының 31.10.2012ж. қаулысымен апелляциялық инстанция соты қаулысының күші жойылды, бірінші инстанция сотының шешімі күшінде қалды.

09.01.2013ж. Банк қадағалау наразылығын білдіру туралы өтінішпен Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасына жүгінді. Банктің өтініші қарастырылған жоқ.

Соңғы бір жыл ішінде уәкілетті мемлекеттік органдардың және/немесе соттың эмитентке және оның лауазымды тұлғаларына тартқан барлық әкімшілік жазалары туралы мәліметтер.

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетіне жалған есептіліктер мен мәліметтер беру, жүйелі түрде (он екі кезекті күнтізбелік ай ішінде үш рет және одан көп) нормативтік құқықтық актілерді бұзу, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің болу бөлігінде уәкілетті орган белгілеген талаптарды сақтамау арқылы Банк қызметіндегі заң бұзушылықтар үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы 2012 жылғы 04 шілдеде жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашу, депозиттерін қабылдау бөлігінде 2011 жылғы 13 қазанда Банкке банктік және басқа операцияларды жүргізуге берілген №1.1.112 лицензияның күшін уақытша 6 айға тоқтату туралы қаулы қабылдады. Бұл мерзім 2012 жылғы 09 шілдеден басталып есептеліп, 2013 жылғы 09 қаңтарда аяқталды. 2013 жылғы 10 қаңтарда лицензияның күші жаңғыртылды.

2. 2012 жылғы қарашада Банк «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы заңының 40-бабының 7-тармағының талаптарын бұзғаны үшін Жазбаша Ескерту түрінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығы және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті жіберген шектелген әсер ету шарасын алды.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша әкімшілік өндіріп алу туралы» 2013 жылғы 10 қаңтардағы қаулысымен Банк Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы кодексінің 168-2 бабының 1-бөлімі бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Тәуекел факторлары. Облигация ұстаушыларына әсер етуі мүмкін тәуекел факторларының толық талдауын ұсыну.

Облигация ұстаушылары Банк кездесетін түрлі тәуекел факторлары нәтижесінде облигация құнының өзгерту тәуекеліне ұшырайды. Бұған елдегі макроэкономикалық жағдайға тікелей байланысты Банктің қаржы жағдайы, жалпы банктік саланың жайы, ағымдағы және ықтимал клиенттердің белсенділігі, банктік қызметтер ұсыну аясындағы бәсекелестік, сондай-ақ Банктің іскерлік беделі жатады.

Банк қызметінің қаржы нәтижесіне әсерін жеңілдету үшін тәуекел факторларының әсерін сәйкестендіруге, бағалауға, бақылауға, азайтуға мүмкіндік беретін тәуекелдерді басқару саясатын ұстанады. Осы мақсатта Банкте Банк ұшырауы мүмкін немесе ұшыраған барлық тәуекелдерді сәйкестендіріп, өлшейтін; қажетті шектеулерді анықтайтын; бақылау ортасын құратын,

тәуекелдермен бірге Банк қызметінің көрсеткіштері үшін тұрақты мониторинг жүргізетін арнайы Тәуекелдер департаменті жұмыс істейді.

Кредиттік тәуекел – өзіне алған ақшалай міндеттемелерді орындау жөніндегі шарттың (келісімшарттың) алғашқы талаптарын клиенттің бұзу салдарынан шығындардың (шығыстардың) туындау тәуекелі. Банкте кредиттік портфельді басқару бірінші кезекте қарыз беру және мәміле жасау үшін белгіленген тәртіпті міндетті түрде сақтауды, сондай-ақ мәміле бойынша қарыз алушының немесе контрагенттің қаржы жағдайын, кепіл құнының әділ бағасын терең талдауды, мөлшері, елдер, салалар, қарыз алушылар, филиалдар, т.б. бойынша портфельдегі үлеске лимиттер жүйесін ұйымдастыруды болжайды. Банк қарыз алушылардың қаржы жағдайы мен кредит қабілетінің, берілген қарыздарды өтеу кестесінің тұрақты мониторингін жүргізеді. Қарыз алушының қаржы жағдайының бағасы мен қарыздардың жайына байланысты қажетті резервтер (провизиялар) қалыптасады.

Өтімділік тәуекелі – Банктің өз міндеттемелерін орындамауымен немесе уақтылы орындамауымен байланысты тәуекел. Өтімділіктен айрылу тәуекелін басқарғанда Банктің ағымдағы өтімділігі бақыланып, орналастырылған және тартылған ақшаның, сыйақы алумен (төлеумен) байланысты кірістер мен шығындар мерзімі салыстырылады. Баланс өтімділігін бағалау мақсатында Банктің активтері мен пассивтерін өтеу мерзімі бойынша талдау, қаражаттың келуін, жұмсалуды, валюта түрлеріне қарай бөлініп берілген айырмашылығын есепке алатын ақша қаражатының қозғалысын бағалау қолданылады.

Валюталық тәуекел – Банк қызметін атқарғанда шетел валюталары бағамдарының өзгеруіне байланысты шығындардың (шығыстардың) туындау тәуекелі. Шығындар (шығыстар) қауіпі құндық көріністе валюталар бойынша Банк орындарын қайта бағалаудан туындайды. Осы тәуекел бойынша ұшырағыштық мына немесе басқа валютадағы активтер мен міндеттемелердің мөлшерлерінің сәйкес келмеу дәрежесімен анықталады. Банкте валюталық тәуекел валюталық операцияларға лимиттер белгілеп, нарықтағы жағдай мен баланс құрылымын талдау арқылы басқарылады.

Пайыздық тәуекел – келесілерді қамтитын сыйақы мөлшерлемесінің қолайсыз өзгеру салдарынан шығындардың (шығыстардың) туындау тәуекелі:

- Банктің орналастырылған активтері мен тартылған міндеттемелерін қайтару және өтеу мерзімінің сәйкес келмеуіне байланысты шығындардың (шығыстардың) туындау тәуекелі (белгіленген сыйақы мөлшерлемесі жағдайында);
- бір тараптан активтер бойынша, екінші тараптан, міндеттемелер бойынша Банктің түрлі мөлшерлеме қолдану салдарынан шығындардың (шығыстардың) туындау тәуекелі;
- басқа шарттар теңдей болғанда ұқсас баға сипаттамалары бар бірқатар құралдар бойынша алынған және төленген сыйақыны түрлі есептеу және түзету әдістерін қолданумен байланысты базистік тәуекел.

Банк пайыздық тәуекелді басқарғанда келесі тәсілдерді қолданады:

- активтерден болған пайыздық кірістер мен міндеттемелер бойынша пайыздық шығындар арасындағы маржаны талдау;
- «спреда» талдауы – активтер бойынша алынған орташа мөлшерлеме мен пассивтер бойынша алынған орташа мөлшерлеме арасындағы айырмашылық;
- ГЭПа («үзілу») тұжырымдамасы – пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне сезімтал теңгерілмеген активтер мен пассивтерді талдауда жатады.

Инвестициялық тәуекел – бағалы қағаздардың жекелеген түрлері, сондай-ақ кредиттік ресурстардың бүкіл санаттары бойынша залал ықтималдылығы. Банкте инвестициялық тәуекелді басқару келесі қағидаларды қамтиды:

- кірістер мен тәуекелдер деңгейін жүйелеу;
- инвестицияларды жасанды шектеу;

- бағалы қағаздар портфелін әртараптандыру;
- сатып алу үшін бағалы қағаздардың параметрлеріне, өтеу мерзімдеріне, түрлері мен көлемдеріне лимиттер қабылдау.

Бәсекелестіктің әсері – Қазақстандағы экономикалық жағдайдың тұрақтануы банктік операциялар бойынша кірістіліктің төмендеуіне, қаржы құралдары бойынша кірістіліктің төмендеуіне әкеледі. Мұндай шарттарда клиенттерді тарту, жаңа қаржы қызметтерін игеру үшін күрес күшейеді. Банк банктік технологияларды дамытуға қосымша инвестициялар салады, қызмет тарифтерін төмендетіп, қызметтердің өзіндік құнын төмендету үшін резервтер іздеуде.

Эмитенттің қызметі туралы, эмитент өз қызметін атқаратын нарықтар туралы басқа ақпарат.

Банк басқа қаржы нарықтарына шығуды жоспарлап отырған жоқ.

5. ҚАРЖЫ ЖАҒДАЙЫ

30. 2013 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша баланстық құны материалдық емес активтердің жалпы баланстық құнының бес және одан артық пайызын құрайтын материалдық емес активтердің түрлері.

(мың теңге)

Материалдық емес активтің атауы	Баланстық құны (аудиттелмеген)	Үлесі
«VaBank6» БЖ	89 349	29,09%
Лицензиялық «WAY4» БЖ (пластикалық карталар)	113 595	36,98%

31. 2013 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша баланстық құны негізгі құралдардың жалпы баланстық құнының бес және одан артық пайызын құрайтын негізгі құралдардың түрлері.

(мың теңге)

Негізгі құрал атауы	Баланстық құны (аудиттелмеген)	Үлесі
Әкімшілік ғимарат, орналасқан мекенжайы: Қарағанды қ., Бұқар-Жырау д-лы, 47	190 137	12,62%
Әкімшілік ғимарат, орналасқан мекенжайы: Алматы қ., Ә.Шәріпов к-сі, 84	351 828	23,35%

32. Инвестициялар.

(мың теңге)

Инвестиция түрі	2010 (аудиттелген)	2011 (аудиттелген)	2012 (аудиттелмеген)
Ұзақ мерзімді инвестициялар	0	0	0
Инвестициялық портфель	326 299	9 603 554	12 612 385
Басқа заңды тұлғалардың капиталына тікелей инвестициялар	100 030	100 030	100 030

33. 2013 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша дебиторлық берешегі (бүкіл дебиторлық берешектің жалпы сомасының 5 % және одан көп мөлшердегі ұйымдардың тізімі).

(мың теңге)

Атауы	Сомасы (аудиттелмеген)	Үлесі
«Shumanakh and Partners» ЖШС	346 698	64,07%
«Қазақстан қор биржасы» АҚ	120 592	22,29%

34. Эмитент міндеттемелерінің қамтамасыз етуі болып табылатын, сондай-ақ әр активтің құны, тиісті шарттардың күші аяқталатын күндерді көрсетіп, сенімді басқаруға тапсырылған, жалпы активтер көлемінің кем дегенде он пайызын құрайтын эмитенттің активтері туралы мәліметтер.

2013 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша Банктің міндеттемелерінің қамтамасыз етуі болып табылатын активтері немесе басқаруға тапсырылған активтері жоқ.

35. Эмитенттің жарғылық және меншікті капиталының мөлшері.

(мың теңге)

	2010 (аудиттелген)	2011 (аудиттелген)	2012 (аудиттелмеген)
Жарғылық капитал	3 322 900	5 000 000	14 500 000
Меншікті капитал	3 755 440	5 468 921	15 387 940

36. Қарыздары.

Банктің басқа банктерден алған қарыздары жоқ.

2013 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша эмитенттің негізгі қызметін атқаруымен байланысты кредиторлық берешегі (бүкіл кредиторлық берешек сомасының 5% және одан жоғары пайызда берешегі бар ұйымдардың тізімі).

(мың теңге)

Атауы	Сомасы (аудиттелмеген)	Үлесі
«Қазақстан қор бирдасы» АҚ	120 592	27,85%
Openway Systems LTD	22 313	5,15%

37. Соңғы аяқталған үш қаржы жылы ішінде (үш жылдың әрқайсысының нәтижелері бойынша бөліп) эмитент алған (көтерген) таза кіріс (шығын) мөлшері.

(мың теңге)

	2010 (аудиттелген)	2011 (аудиттелген)	2012 (аудиттелмеген)
Таза кіріс (шығын)	42 294	20 073	404 726

38. Левередж.

(мың теңге)

	2010 (аудиттелген)	2011 (аудиттелген)	2012 (аудиттелмеген)
Жиынтық міндеттемелер	2 075 319	33 401 614	73 398 820
Меншікті капитал	3 755 440	5 468 921	15 387 940
Левередж	0,55	6,11	4,77

39. Соңғы аяқталған үш қаржы жылының бірінде эмитент қызмет алған ақшалай қаражаттың таза ағындары.

(мың теңге)

	2010 (аудиттелген)	2011 (аудиттелген)	2012 (аудиттелмеген)
Операциялық қызметтен алынған таза ақша қаражаты	250 320	12 729 186	-4 254 480
Инвестициялық қызметтен алынған таза ақша қаражаты	-357 478	-9 800 355	-3 507 317
Қаржы қызметінен алынған таза ақша қаражаты	1 659 000	1 677 100	9 500 000
Айырбастау бағамының өзгеру әсері	189	5 396	28 845
Жыл басындағы ақша қаражаты	356 086	1 908 117	6 519 444
Жыл соңындағы ақша қаражаты	1 908 117	6 519 444	8 286 492

6. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗ ШЫҒАРЫЛЫМДАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

40. Бағалы қағаздардың тіркелген шығарылымдары.

Шығарылған акциялар туралы мәліметтер.

Жарияланған акциялардың жалпы саны, соның ішінде	2 000 000 дана
– Жай атаулы акциялар	1 500 000 дана
– Артықшылықты акциялар	500 000 дана
Номиналды құны	10 000 теңге
Құрылтайшылар төлеген номиналды құн	10 000 теңге
Орналастыру кезінде тартылған жалпы ақша сомасы	14 500 000 000 теңге
Айналымдағы акциялар саны, соның ішінде	1 450 000 дана
– Айналымдағы жай акциялар саны	1 000 000 дана
– Айналымдағы артықшылықты акциялар саны	450 000 дана
Сатып алынған акциялар саны	Нет
Акцияларды сатып алу әдістемесі бекітілген күн	«КазИнКомБанк» АҚ сатып алатын акциялардың құнын анықтау әдістемесі мен орналастырылған акцияларды сатып алу ережелері 2006 жылғы 15 сәуірде Акционерлердің жалпы жиналысымен бекітілген.
Акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеген орган	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті
Мемлекеттік тіркеу нөмірі, мемлекеттік тіркеу күні	A3545, 2011 жылғы 09 қараша

Эмитенттің бағалы қағаздар ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері, облигациялар бойынша сыйақы төлемеуі (төлеуді кешіктіргені), акциялар бойынша дивидендтерді төлемеуі (төлеуді кешіктіргені) туралы мәліметтер, соның ішінде орындалмаған міндеттердің мөлшерлері туралы, оларды орындауды мерзімінен кешіктірген

мерзімі, бағалы қағаздар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомалары (түрі және шығарылым бойынша жеке-жеке) туралы ақпарат.

Банктің акция ұстаушылардың алдындағы міндеттемелерін орындамау фактілері жоқ.

Бағалы қағаздардың қандай да бір шығарылымы тоқтатылған болса немесе болған жоқ деп танылса немесе жойылса, осындай шешім қабылдаған мемлекеттік орган, шешім қабылдау негіздері мен күні көрсетіледі.

Акция шығарылымдары тоқтатылған жоқ, болған жоқ деп танылған жоқ, жойылған жоқ.

Есептелген дивидендтер сомасын, төленген дивидендтер сомасын көрсетіп, екі соңғы қаржы жылының әрбір жылы үшін немесе нақты қызмет атқарған кезең ішіндегі бір акцияға (жай, артықшылықты) келетін дивиденд мөлшері.

Соңғы екі қаржы жылы ішінде дивидендтер төленген жоқ.

Эмитенттің бағалы қағаздарымен сауда-саттық жүргізілетін негізгі рыноктар, соның ішінде сауда-саттық ұйымдастырушыларының атаулары.

Артықшылықты акциялар «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми тізіміне енгізілген.

7. ОБЛИГАЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Осы бөлім облигациялық бағдарлама мемлекеттік тіркелгенде толтырылмайды.

8. ҚОСЫМША АҚПАРАТ

Эмитент облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін және қандай жағдайларда облигация ұстаушылары облигацияны мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығына ие болатын оқиғалар.

Облигациялар бойынша дефоль – осы облигациялық бағдарлама шеңберінде облигациялар шығарылымының тиісті проспектімен белгіленген мерзімде облигациялар бойынша сыйақыны (купонды) және/немесе номиналды құнын төлемеу немесе толық төлемеу. Облигациялар шығарылымының тиісті проспектімен белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін Банк міндеттемелерін орындамаса, облигация ұстаушыларының барлық құқықтары мен мүдделерін қорғау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Міндеттемелерді орындамау белгісіз күш жағдайларының салдары болса, Банк осы облигациялық бағдарлама шеңберінде міндеттемелерінің бір бөлігін немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Басталуын алдын ала білуге болмайтын немесе тоқтатуға болмайтын жағдайлар (табиғат құбылыстары, әскери әрекеттер, т.б.) белгісіз күш жағдайлары деп түсініледі. Белгісіз күш жағдайлары туындағанда Банктің міндеттемелерді орындау мерзімі осы жағдайлар мен салдарлары болатын уақытқа кейінге шегеріледі.

Облигациялар бойынша дефолт болғанда эмитент қолданатын шаралар, облигациялар бойынша сыйақы төлеу міндеттемелерін орындамағанда немесе тиісті түрде орындамағанда облигация ұстаушыларының құқықтарын қорғау процедуралары.

Банк осы облигациялық бағдарлама шегінде тиісті шығарылым проспектілерінің әрқайсысында аталған мерзімде купонды сыйақыны және/немесе негізгі борышты өз кінәсінен төлемеген немесе толық төлемеген жағдайда облигация ұстаушыларына әр кешіктірілген күн үшін ақшалай міндеттемесін немесе бір бөлігін орындаған күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне қарай есептелетін өсімақы төлейді.

Банк облигациялары бойынша дефолт басталғанда дефолттың туындауына әкелген себептерді жою, облигация ұстаушыларының құқықтарын қамтамасыз ету үшін бар күшін салады. Банк дефолттан шығудың қолайлы жолын анықтау үшін облигация ұстаушыларының жалпы жиналысын өткізу туралы бастама көтеріп, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тиісті көлемдер мен орындау мерзімдерін көрсетіп, облигация ұстаушыларының алдында міндеттемелерін орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді.

Банктің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге және облигациялар бойынша берешекті өтеуге бағытталған облигациялар бойынша дефолт жағдайында Банк атқарған іс-шаралар қайта ұйымдастыру, ұйымдастыру-шаруашылық, басқару, инвестициялық, техникалық, қаржы-экономикалық, құқықтық, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін келесідей, бірақ бұнымен шектелмейтін шараларды қамтиды:

- кредит беру көлемін азайту;
- әкімшілік шығындарды азайту, соның ішінде қызметкерлердің штаттық санын қысқарту, жекелеген филиалдар мен бөлімшелерді жабу;
- проблемалы кредиттермен жұмыс шараларын күшейту;
- қолдағы бар активтерді тарату;
- қайта қаржыландыру/ағымдағы берешекті қайта қайта құрылымдау мақсатында Банк кредиторларымен келіссөздер жүргізу;
- Банктің қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жеткілікті мөлшерде меншікті капиталды ұлғайту мақсатында Банк акционерлеріне жүгіну;
- басқа шаралар.

Эмитенттің облигация ұстаушыларына дефолттың басталу фактілері туралы ақпаратты беру тәртібінің, мерзімдері мен әдістерінің сипаттамасы.

Дефолт туындаған жағдайда Банк ақшалай міндеттемесін орындамаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банктің ресми сайты www.bankrbk.kz және «Қазақстан қор биржасы» АҚ www.kase.kz сайты арқылы облигациялар бойынша дефолттың туындау себептерін, орындалмаған міндеттемелердің көлемін сипаттап, талаптарды қанағаттандыру жөніндегі облигация ұстаушыларының ықтимал әрекеттер тізімі мен Банкке талап қою тәртібін көрсетілген хабарландыру орналастыру арқылы облигация ұстаушыларына осы факт туралы ақпарат береді.

Тіркеушінің атауы, орналасқан жері, телефон нөмірлері, шарт жасалған күн, шарт нөмірі.

Бағалы қағаз ұстаушыларының тізілімдер жүйесін жүргізетін – «Единый регистратор ценных бумаг» акционерлік қоғамы, орналасқан мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Абылай хан д-лы, 141, тел.: +7 (727) 272-47-60. 28.11.2012 ж. бағалы қағаз ұстаушыларының тізілімдер жүйесін жүргізу шарты №00427-АО.

41. Облигациялар айналымындағы шектеулер.

Облигациялар айналымында шектеулер жоқ. Облигациялар инвесторлардың шектелмеген саны арасында ашық әдіспен орналастырылады.

42. Эмитенттің облигацияларды шығаруға жұмсаған сомасы және бұл шығындар қандай жолмен төленетіні туралы мәліметтер.

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздарының ішкі нарығында облигацияларды шығару және орналастыру бойынша Банк шығындары келесі төлемдерден құралады:

- Ресми тізімге борыштық бағалы қағаздарды енгізу мүмкіндігі туралы алдын ала қорытынды беру үшін алым – 100 АЕК;
- Қарастыру үшін алым және кіру алымы – облигациялардың жиынтық номинал құнының 0,025%;

- Жылдық алым – облигациялардың жиынтық номиналды құнының 0,025 %, бірақ АЕК 200 есе мөлшерінен аспайды.

Банк есеп айырысу шотына қаражат аудару арқылы «Қазақстан қор биржасы» АҚ шоттарды бергенде аталған шығындарды төледі.

43. Инвесторлар эмитент жарғысының көшірмесімен, облигациялар шығарылымының проспектісімен, эмитенттің қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін қолданылатын бұқаралық ақпарат құралдарында облигацияларды орналастыру нәтижелері туралы есеппен таныса алатын жерлер туралы ақпарат.

Инвесторлар құжаттармен Банктің корпоративтік интернет-ресурсында www.bankrbk.kz немесе келесі мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Ә.Шәріпов к-сі, 84, тел.: +7 (727) 330-77-77, сондай-ақ «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми интернет-ресурсында www.kase.kz таныса алады. Қосымша Банк қалауы бойынша басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында Банктің қызметі туралы ақпарат жариялауға құқылы.

Басқарма төрайымы


Бас бухгалтер



Жақубаева М.К.

Даулетбекова А.А.

«Bank RBK» АҚ ұйымдық құрылымы



**«Bank RBK» Банкі» акционерлік қоғамының
Бірінші облигациялық бағдарлама шығарылымы проспектінің
№2 қосымшасы**

2013 жылғы 01 ақпандағы жағдай бойынша «Bank RBK» Банкі» акционерлік қоғамының аффилирленген тұлғаларының тізімі				
Жеке тұлғалар				
№	Аты-жөні, әкесінің аты (болса)	Туылған күні	Аффилирленген деп тану үшін негіз	Ескерту
1	Люхудзяев Фарид	20/10/1957	"Акционерлік қоғамдар туралы" ҚР заңының 64-б. 1-т. 1-тш.; "Қазақстан Республикасындағы банктер мен банктік қызмет туралы" ҚР заңының 2-1-б.	Банктің ірі қатысушысы, лауазымды тұлғасы - Директорлар кеңесінің төрайымы
2	Садыкова Мавлюдахан Джасынджановна	20/01/1959	"Акционерлік қоғамдар туралы" ҚР заңының 64-б. 1-т. 2-тш.; "Қазақстан Республикасындағы банктер мен банктік қызмет туралы" ҚР заңының 2-1-б.	Банктің лауазымды тұлғасы болып табылатын жеке тұлғамен некеде тұрған жеке тұлға
3	Люхудзяева Ризван Башиевна	25/05/1936	"Акционерлік қоғамдар туралы" ҚР заңының 64-б. 1-т. 2-тш.; "Қазақстан Республикасындағы банктер мен банктік қызмет туралы" ҚР заңының 2-1-б.	Банктің лауазымды тұлғасы болып табылатын жеке тұлғамен жақын туыс жеке тұлға
4	Люхудзяев Фархаджан Фаритович	08/07/1980	"Акционерлік қоғамдар туралы" ҚР заңының 64-б. 1-т. 2-тш.; "Қазақстан Республикасындағы банктер мен банктік қызмет туралы" ҚР заңының 2-1-б.	Банктің лауазымды тұлғасы болып табылатын жеке тұлғамен жақын туыс жеке тұлға
5	Люхудзяев Фарух Фаритович	12/08/1981	"Акционерлік қоғамдар туралы" ҚР заңының 64-б. 1-т. 2-тш.; "Қазақстан Республикасындағы банктер мен банктік қызмет туралы" ҚР заңының 2-1-б.	Банктің лауазымды тұлғасы болып табылатын жеке тұлғамен жақын туыс жеке тұлға
6	Люхудзяева Марьям Фаритовна	29/02/1988	"Акционерлік қоғамдар туралы" ҚР заңының 64-б. 1-т. 2-тш.; "Қазақстан Республикасындағы банктер мен банктік қызмет туралы" ҚР заңының 2-1-б.	Банктің лауазымды тұлғасы болып табылатын жеке тұлғамен жақын туыс жеке тұлға
7	Люхудзяев Рамзан Фархаджанович	22/06/2006	"Акционерлік қоғамдар туралы" ҚР заңының 64-б. 1-т. 2-тш.; "Қазақстан Республикасындағы банктер мен банктік қызмет туралы" ҚР заңының 2-1-б.	Банктің лауазымды тұлғасы болып табылатын жеке тұлғамен жақын туыс жеке тұлға
8	Люхудзяев Ислам Фархаджанович	09/09/2009	"Акционерлік қоғамдар туралы" ҚР заңының 64-б. 1-т. 2-тш.; "Қазақстан Республикасындағы банктер мен банктік қызмет туралы" ҚР заңының 2-1-б.	Банктің лауазымды тұлғасы болып табылатын жеке тұлғамен жақын туыс жеке тұлға
9	Люхудзяев Самир Фарухович	30/03/2008	"Акционерлік қоғамдар туралы" ҚР заңының 64-б. 1-т. 2-тш.; "Қазақстан Республикасындағы банктер мен банктік қызмет туралы" ҚР заңының 2-1-б.	Банктің лауазымды тұлғасы болып табылатын жеке тұлғамен жақын туыс жеке тұлға
10	Садыкова Мехриниса Джасынджановна	02/03/1955	"Акционерлік қоғамдар туралы" ҚР заңының 64-б. 1-т. 2-тш.; "Қазақстан Республикасындағы банктер мен банктік қызмет туралы" ҚР заңының 2-1-б.	Банктің лауазымды тұлғасы болып табылатын жеке тұлғамен жекжаттық туыс жеке тұлға
11	Садыков Кадыржан Джасынджанович	05/06/1967	"Акционерлік қоғамдар туралы" ҚР заңының 64-б. 1-т. 2-тш.; "Қазақстан Республикасындағы банктер мен банктік қызмет туралы" ҚР заңының 2-1-б.	Банктің лауазымды тұлғасы болып табылатын жеке тұлғамен жекжаттық туыс жеке тұлға

12	Садыков Пазылжан Джасынджанович	21/03/1954	"Акционерлік қоғамдар туралы" ҚР заңының 64-б. 1-т. 2-тш.; "Қазақстан Республикасындағы банктер мен банктік қызмет туралы" ҚР заңының 2-1-б.	Банктің лауазымды тұлғасы болып табылатын жеке тұлғамен жекжаттық туыс жеке тұлға
